

Білім беруді және денсаулық сақтауды
сапамен қамсыздандыру және
аккредиттеудің Еуразиялық орталығының
Аккредиттеу кеңесіне
күні 01.11.2021 ж.

**СЫРТҚЫ САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ «ДӘРІЛІК ЗАТТАР МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ
БҰЙЫМДАРДЫ САРАПТАУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ РМК
ҚОСЫМША ЖӘНЕ БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА
(ҮЗДІКСІЗ КӘСІПТІК ДАМУ) СӘЙКЕСТІГІНЕ
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
ЕСЕБІ**

сыртқы сараптамалық бағалау кезеңі: 2021 жылғы 19-20 қазан.

Алматы қаласы, 2021 ж.

МАЗМҰНЫ

Белгілеулер мен қысқартулар тізімі	2
1. Сыртқы сараптама комиссиясының құрамы	3
2. Қорытынды есептің жалпы бөлімі	4
2.1 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК таныстыру	4
2.2 Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер	8
2.3 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің қосымша білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу (үздіксіз кәсіптік даму) стандарттарына сәйкестігіне рецензиялау нәтижелері бойынша қорытынды және тұжырымдар	9
3. Сыртқы сараптамалық бағалау сипаттамасы және қорытындысы	11
4. Оқытушылар мен тыңдаушылардан сауалнама алу нәтижелері	17
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК сыртқы бағалау қорытындылары бойынша институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау	19
6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК институционалдық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар	31
7. Аккредиттеу кеңесіне ұсыныстар	33
1- қосымша. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК қосымша білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу (үздіксіз кәсіптік даму) стандарттарына сәйкестігіне сыртқы бағалау критерийлері және сапасының институционалдық бейіні	34
2-қосымша. Сыртқы сараптамалық бағалау жүргізу шеңберінде зерттелген құжаттардың тізімі	35
3-қосымша. Ұйымға бару бағдарламасы	40

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Аббревиатура	Белгіленуі
ҚР	құжатталған рәсім
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕЭК	Еуразиялық экономикалық комиссия
ДҚ	дәрілік құралдар
МБ	медициналық бұйымдар
ҒОО	Ғылыми-оқыту орталығы
НҚА	Нормативтік құқықтық акт
ОБ	оқыту бағдарламасы
ЗБСО	Зертханалары бар сынақ орталығы
Кәсіпорын	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
ӨФ	өңірлік филиал
ДЗ м МБСҰО	Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы

1. Сыртқы Сараптама Комиссиясының Құрамы

АЕО 2021 жылғы 04 қазандағы № 29 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау қлттық орталығы» ШЖҚ РМК 2021 жылғы 19-20 қазан аралығында институционалдық аккредиттеуді жүргізу бойынша келесі құрамағы сыртқы сараптама комиссиясы (бұдан әрі – ССК) құрылды:

р/б №	ССК құрамындағы мәртебесі	Толық ТАӘ	Регалиялар, лауазымы, жұмыс орны/оқу орны, курсы, мамандығы
1	Төраға	Джакова Гульжанат Ертаевна	медицина ғылымдарының кандидаты, «Семей медицина университеті» КЕАҚ Павлодар филиалының Медицина мектебі деканының қосымша білім беру жөніндегі орынбасары, Тәуелсіз аккредиттелген сарапшы, «Павлодардың тәуелсіз сарапшылары» ҚБ төрағасы.
2	Шетелдік сарапшы	Урмамбетова Жумакан Самыйбековна,	химия ғылымдарының кандидаты, И.К. Ахунбаев атындғы Қырғыз мемлекеттік медицина академиясының профессор Е.С. Матыев атындағы Фармация басқармасы және экономика, дәрілік заттар технологиясы кафедрасының оқытушысы.
3	Қазақстандық академиялық сарапшы	Устенова Гульбарам Омаргазиевна	фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор, «С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық

			медицина университеті» КЕАҚ Фармацевтикалық технология кафедрасының меңгерушісі
4	Жұмыс берушілердің өкілі	Ералиева Бибихан Абделиевна,	Медицина ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласындағы «№ 4 Қалалық клиникалық аурухана» ШЖҚ КМК клиникалық фармаколог дәрігері.
5	Тыңдаушылардың өкілі	Исаева Несібелі Кизатқызы	«Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕМБО «Фармация» мамандығы бойынша бесінші курс студенті.

АЕО атынан бақылаушы - Умарова Макпал Альдибековна, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы.

ССК жұмысы ССК туралы ережеге (АЕО бас директорының 2017 жылғы «13» ақпандағы № 4 бұйрығы) сәйкес жүргізілді.

ССК есебінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптаудың Ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК қосымша және бейресми білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына (үздіксіз кәсіптік даму) (бұдан әрі-аккредиттеу стандарттары) сәйкестігін бағалауды, жоғарыда аталған ұйымның қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі ССК ұсыныстарын және аккредиттеу бойынша ұсыныстарды қамтиды.

2. Қорытынды есептің жалпы бөлімі

2.1 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК таныстыру

Ұйымның атауы, меншіктің заңды нысаны, БСН	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен
--	--

	медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК БСН 980240003251
Бірінші басшының толық ТАӘ	Даутбаев Еркен Каримович
Құрылған күні	02.02.1998 ж.
Орналасқан орны және байланыс деректері	Қазақстан Республикасы, Пошта индексі: 010000 Қала: Нұр-Сұлтан Көше: Иманов к., 13, «Нұрсәулет» БО Телефон: +7 (7172) 78-98-83 E-mail: farm@dari.kz Ресми веб-сайт: www.ndda.kz
Филиалдар, еншілес ұйымдар туралы мәліметтер (бар болса)	4 филиал Алматы, Тараз, Қарағанды, Өскемен қалалары)
Білім беру бағдарламаларының жалпы саны, қосымша және бейресми білім беру бойынша жеке	21
Қызметінің басынан бастап оқыған тыңдаушылардың жалпы саны	600
Жоғары білімі бар тыңдаушылар саны	600
Арнаулы орта білімі бар тыңдаушылар саны	-
Ағымдағы жылдың басынан бері тыңдаушылар саны	121
Штаттық оқытушылар/ қосымша атқарушылар	17

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптаудың Ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қазандағы № 1081 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрі-дәрмек» дәрілік құралдар орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жекелеген мәселелері» қаулысына сәйкес құрылды.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 527 «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес

кәсіпорын келесі еншілес мемлекеттік кәсіпорындарды қосу арқылы қайта ұйымдастырылды:

1) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қарағанды облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

2) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қостанай облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

3) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Павлодар облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

4) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Жамбыл облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

5) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Шығыс Қазақстан облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

Кәсіпорын беру актілеріне сәйкес берілген аталған еншілес кәсіпорындардың барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1005 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес кәсіпорынның атауы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып өзгертілді.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына сәйкес кәсіпорынның атауы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 177 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес кәсіпорынның атауы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып өзгертілді.

Кәсіпорын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы бірыңғай жүйесінің құрамына енеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы болып табылады.

ДЗММБС ҰО қызметкерлерінің штаты штат кестесіне сәйкес барлығы 428 бірлікті құрайды. Негізгі кәсіпорындағы штат саны 304 бірлікті құрайды. Алматы қ.аумақтық филиалының штат саны – 119, Тараз қ. – 24, Қарағанды қ. – 19, Өскемен қ.-16 бірлік.

Кәсіпорын базасында алты ғылым докторы, оның ішінде академиктер, ғылым кандидаттары – 30, PhD – 8 докторлары жұмыс жасайды.

2020 жылы қараша айында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК аумақтық филиалының базасында Ғылыми-оқу орталығы ашылды.

Миссиясы: Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласында оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы нарыққа сапалы, қауіпсіз және тиімді ДҚ және МБ жіберуді қамтамасыз ету арқылы Қазақстан халқының денсаулығын жақсартуға ықпал ету.

Болжамы: Қазақстан Республикасындағы, ЕАЭО және Азия мемлекеттеріндегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы бейресми оқыту сапасы бойынша жетекші ғылыми-оқу орталығы

2020 жылға арналған даму жоспарына сәйкес 312 тыңдаушы қатысатын 24 семинар жоспарланған. 24 семинар өткізіліп, тыңдаушылардың жалпы саны 417 адамды құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 105 тыңдаушыға артық болды. 2021 жылы оқытылған тыңдаушылар саны 200 артық адамды құрады.

Оқыту бойынша ең сұранысқа тақырыптар: ҚР медициналық бұйымдарының номенклатурасы; GMP; фармакологиялық қадағалау, клиникалық зерттеулер; Дәлелді медицина; МБ сараптамасы, ДЗ және МБ жарнамасы; Фармакологиялық қадағалау саласындағы реттеу; Реттеуші органдармен өзара әрекеттестік, ДЗ және МБ қауіпсіздігі және сапасын бағалау,

жалған ДЗ, ЕАЭО дәрілік заттардың сараптамасы, фhФормулярлық жүйе, Фармакопея, Генериктер және т. б.

Білім беру қызметтерін жүргізу үшін ҰОО қызметкерлері талаптарға сәйкес және тыңдаушылар мен жұмыс берушілердің кері байланысын ескеріп жасалған білім беру бағдарламаларының (ББ) нысандарын дайындады. ББ және оларға арналған оқу-әдістемелік материалдардың мониторингі сыртқы сарапшыларға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы басым бағыттар олардың ғылыми және инновациялық бағытына сәйкестігіне сауалнама жүргізу жолымен жүргізіледі. Тақырыптық жоспарлар дайындалды. Білім беру бағдарламаларының паспорттары жасалды.

Ғылыми-оқу орталығының тыңдаушыларын даярлау сапасын бағалау объективтілік және ашықтық ұстанымдары негізінде жүргізіледі.

Тыңдаушыларды даярлау сапасын бағалау екі кезеңнен: теориялық білімді бағалау; практикалық дағдыларды бағалаудан құралады.

Оқу процесін құжаттау жүйесі F-DPA02-01-02 «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы бойынша оқыту іс-шараларын жүргізу» бөлімінде көрсетілген. Тыңдаушының нақты оқуының дәлелі «DP-A02-01 құжатталған ақпаратты басқару» құжатталған рәсіміне сәйкес толтырылған «F-DP-A02-01-25 келу парағы» болып табылады.

Ғылыми-оқу орталығы әрі қарайды даму стратегиясын әзірлеп, мұнда келесілерден құралған 2022-2023 жылдарға арналған орта мерзімді шаралар анықталды: Ұлттық реттеушінің штаттық сарапшыларын оқыту, оның ішінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша (Меморандумға сәйкес фармацевтика және фармакология мамандықтары бойынша 23 қызметкер оқыту жоспарланған) және ғылыми-практикалық базаны, оның ішінде фармацевтика факультеттерінің студенттеріне арналған базаны қалыптастыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық білім беру орталығын салу.

2.2 Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК қосымша және бейресми білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ұйым ретінде институционалдық аккредиттеу жүргізілмеген.

2.3 Өзін-өзі бағалау бойынша есепті рецензиялау нәтижелері бойынша қорытынды

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК қосымша және бейресми білім беру ұйымдарын **институционалдық аккредиттеу** стандарттарына сәйкестігіне институционалдық өзін-өзі бағалау (үздіксіз кәсіптік даму) 28.07.2021 жылғы № 113-Ө «Институционалдық аккредиттеуге дайындық

шеңберінде өзін-өзі бағалау бойынша ішкі комиссия құру туралы» бұйрығының негізінде жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК институционалдық өзін-өзі бағалау туралы есебі (бұдан әрі-есеп) 73 парақ негізгі мәтіннен, 18 парақ қосымшадан, келесі сілтеме бойынша орналасқан электрондық нұсқалардағы 42 құжаттан құралған

<https://drive.google.com/drive/folders/11JxKjCWYkN2JFQ3IStMM87X6pVUI8LNW>.

Есеп аккредиттелетін білім беру ұйымы өз қызметі туралы берген ақпараттың толықтығымен, құрылымдылығымен және ішкі бірлігімен, кестелік материалға сілтемелердің болуымен, стильдік сауаттылығымен ерекшеленеді.

Есеп институционалдық аккредиттеу шеңберінде өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес дайындалған және қосымша білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу (үздіксіз кәсіби даму) стандарттарына толық сәйкес келеді. Ішкі комиссияның әрбір мүшесінің жауапкершілігі көрсетілген, өзін - өзі бағалау бойынша ішкі комиссия мүшелерінің тізімі бар (барлығы 5 адам), институционалдық өзін-өзі бағалауды жүргізуге жауапты мекеменің өкілі туралы мәліметтер - Д.Е. Есболатова, Ғылыми-оқу орталығының І санатты маманы, институционалдық аккредиттеуге даярлауға жауапты ДЗММБС ҰО өкілі - Б.Ж. Абдиманова, Алматы қ. өңірлік филиалының директоры(ТФ).

Есепті дайындау жөніндегі жұмыс тобы және мекеме ұжымы өзін-өзі бағалау кезеңінде белгілі бір жұмыс жасады: институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес қажетті деректер жинақталып; материалдарға мұқият талдау жасалды, олардың мазмұны есепте қамтылды. Өзін-өзі бағалау есебінің мазмұны ЕАО институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес құрылымдалған және мұнда 9 стандарттың әрқайсысы бойынша жақсарту бағыттарының сипаттамасы қамтылған.

Деректер базасы, қосымшалар толық көлемде, ретімен ұсынылған және оларға есеп мәтінінде сілтемелер жасалған. Есеп сауатты тілде жазылған, әр стандарт бойынша тұжырымдар анық және түсінікті, мәтінде кестелерге сілтемелер бар және олар нөмірленген.

Есепті аккредиттеу жөніндегі сарапшылар: Джакова Г.Е., Урмамбетова Ж.С., Устенова Г.О., Ералиева Б.А., Исаева Н.К. рецензиялап және рецензияда жақсарту салалары және мықты тұстары көрсетілді, сондай-ақ толықтырулар мен өзгерістер бойынша ұсыныстар, оның ішінде келесілер атап өтілді:

Стандарттар	Рецензенттердің ұсыныстары
1	Ұсыныстар жоқ.
2	Қашықтықтан оқытуға арналған оқыту платформаларын енгізу.
3	Сабакқа қатысуды белгілеу және тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған электрондық журналды енгізу.

	Тыңдаушылардың құзыреттерін бағалау межелігін қайта қарастыру (бағалау критерийлері және бағаларға сәйкес келетін ұпайларды көрсету). Тест тапсырмаларының дұрыстығын тексеру арқылы, тыңдаушыларға тестілеу өткізу үшін тест тапсырмаларының базасын жетілдіру.
4	«Тыңдаушының ар-намыс кодексін» әзірлеу және енгізу ҚР салалық біліктілік шеңберіне (СБШ) сәйкес маман даярлау деңгейін белгілеу үшін тыңдаушының базалық білімін анықтау механизмін әзірлеу
5	Жақын және алыс шетелдердің ҚР жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейту
6	«Қазақстан фармациясы» журналын БҒСҚК кіретін журналдар тізіміне қосу.
7	Ұсыныстар жоқ.
8	Ұсыныстар жоқ.
9	Ұсыныстар жоқ.

Осылайша, білім беру ұйымының өкілімен кері байланыс барысында сарапшылар туындаған сұрақтарға жауаптар алды және институционалдық өзін-өзі бағалау есебіне рецензенттердің ұсыныстары бойынша сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Есеп АЕО жоғарыда көрсетілген ұсыныстар бойынша деректерді үйлестіре отырып, аяқталған нысанда ұсынылған, сауатты тілде жазылған, әрбір стандарт бойынша тұжырымдар стандарттар критерийіне сәйкес анық және түсінікті және сипатталған, кестелерде мәтіндегі сілтемелер және өтпелі нумерациясы бар.

Өзін – өзі бағалау есебінің сапасы аккредиттеу процедурасының келесі кезеңіне-сыртқы бағалауға ауысуға негіз болды. Сарапшылар есептің деректерін валидациялау, есептен алынған мәліметтерді білім беру ұйымына барған кезде алынатын ақпаратпен салыстыруды, яғни сандық және сапалық көрсеткіштерге растау жүргізуді жоспарлады.

3. Сыртқы сараптамалық бағалау сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК институционалдық бағалау барысында сыртқы сараптамалық жұмыс Білім беру ұйымдары мен АЕО білім беру бағдарламаларына сыртқы бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа («Еуразиялық білім беру сапасын аккредиттеу және қамтасыздандыру орталығы» КЕО бас директорының 17.02.2017 жылғы №5 бұйрығымен бекітілген) сәйкес ұйымдастырылды және 2021 жылғы 28 қыркүйекте АЕО бас директоры С.С. Сәрсенбаевамен бекіткен және Бас

директор - Басқарма төрағасы Е. К. Даутбаев келісілген бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылды. Ұйымға сапар күндері: 2021 жылғы 19-20 қазан

Сыртқы бағалау өзін-өзі бағалау бойынша есептің деректерін валидациялауға және аккредиттеу стандарттарының өлшемдеріне сәйкестік дәрежесін куәландыратын көрсеткіштерді тексеруге бағытталған.

2 күн бойы сапарды жүргізудің барысы аккредиттеу орталығының құжаттамасында және аталған есептің 3-қосымшасында орналасқан бару бағдарламасында (бұдан әрі – бағдарлама) толық түрде берілген. Бағдарлама сыртқы сараптамалық бағалау шеңберінде барлық жоспарланған іс-шараларды жүзеге асырудың дәлелі болып табылады.

Қырғызстан Республикасы шетелдік сарапшы Урмамбетова Жумакан Самыйбековна офлайн режимде қатысты.

Объективті ақпарат алу мақсатында ССК мүшелері келесі әдістер мен олардың нәтижелерін пайдаланды:

- басшылық және әкімшілік қызметкерлермен - барлығы 5 адаммен пікірлесу;
- тыңдаушылармен сұхбат - 5 адам;
- www.ndda.kz веб-сайтын зерттеу;
- 4 қызметкерден, 4 оқытушыдан сұхбат алу;
- оқытушылар мен тыңдаушылар – сәйкесінше 12 және 15 адамнан сауалнама;
- аккредиттеу стандарттарын орындау мәнмәтінінде ресурстарға шолу: 17 штаттық оқытушының қатысуымен 21 білім беру бағдарламасы бойынша оқыту жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК зертханалары бар сынақ орталығына барды;
- ұйымға келгенге дейін де, бөлімшелерінде болған уақыт ішінде де 21 бірлік мөлшерінде оқу-әдістемелік құжаттарды зерттеу (зерттелген құжаттардың тізімі 2 қосымшада).

Аккредиттелетін ұйымның ұжымы тарапынан бару бағдарламасында және сұхбат және әңгімелесу учаскелерінің тізімдері бойынша көрсетілген барлық адамдардың қатысуы қамтамасыз етілді (1-кесте).

1-кесте-ССК мүшелерімен кездесулерге, сұхбаттарға, әңгімелесулерге қатысушылардың саны мен санаты туралы мәліметтер

№	Т. А. Ә.	Лауазымы
1	Абдиманова Б. Ж.	Алматы қ. ӨФ директоры
2	Кузденбаева Р. С.	Ғылыми-оқу орталығының басшысы
3	Есболатова Д. Е.	Ғылыми-оқу орталығының I санатты маманы
4	Дерябин П.Н.	Медициналық бұйымдарға мамандандырылған сараптама басқармасының I санатты сарапшысы

5	Сатыбалдиева Ж. А.	Медициналық мамандандырылған басқармасының I санатты сарапшысы	бұйымдарға сараптама
ТЫҢДАУШЫЛАР			
1	Мамарахимов Фаррух Абдувалиевич		тыңдаушы
2	Пономаренко Олеся Петровна		тыңдаушы
3	Будац Ярославна Михайловна		тыңдаушы
4	Куатова Айгерим Нурлановна		тыңдаушы
5	Жакупова Гульнара Асановна		тыңдаушы

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі-ДЗ ж МБС ҰО) миссиясы ұйымның Жарғысына сәйкес, қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды, сонымен қатар, «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК 2022-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарында анықталған.

ДЗ ж МБС ҰО миссиясы және болжамы ресми сайтта жарияланған.

Білім беру процесінің барлық қатысушылары ұйымның миссиясын біледі, миссияны қалыптастыру үшін ұсыныстарды дайындауға қатысқан, бұл жағдайда миссия әлеуетті тыңдаушылардың назарына сайт, әлеуметтік желілер, медициналық ұйымдарға ақпараттық хаттар арқылы жеткізілді. Ұйымның 5 жыл кезеңіне арналған стратегиялық жоспары қаралды, оған мынадай бағыттар кіреді: дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы бойынша оқыту іс-шараларын жүргізу, сапалы, тиімді және қауіпсіз дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымын қолдау үшін нәтижелі оқыту қызметтерін ұсыну жолымен білікті мамандар санын арттыру; Денсаулық сақтау және фармацевтика мамандарын бейресми оқыту саласындағы Қазақстан Республикасының ЕАЭО мен Азия елдерінің арасындағы көшбасшылығы; жетекші шетелдік стратегиялық серіктестермен тәжірибе алмасудың серпінді дамуы, бұл аккредиттеу стандартының орындалуын растайды және ұйымның мақсаттарын, міндеттері мен перспективаларын көрсетеді.

Осылайша, бағдарламаның іс-шараларын іске асыру кезінде, атап айтқанда, ұйымның бірінші басшысымен, сапа жөніндегі кеңестің консультативтік-кеңесші органының мүшелерімен әңгімелесу қорытындысы бойынша тыңдаушылармен және оқытушылармен сұхбаттасу кезінде **стандарт 1** критерийлеріне сәйкестік белгіленді.

Бүгінгі таңда, ДЗ ж МБС ҰО ұлттық денсаулық сақтау ұйымы мен мемлекеттік денсаулық сақтау органдары кадрларына бейресми білім беруді жалғастыруда. Білім беру бағдарламаларын өзектендіру және олардың оқу

мақсатына сәйкестігі оқытудан нақты нәтижелер алу және олардың тиімділігі тұрғысынан маңызды болып табылады. Бес тыңдаушымен сұхбаттан сабақты бастаудың алдында оқытушылар білім беру ұйымының миссиясы, жұмыс жоспарлары туралы хабардар ететіні, білім беру бағдарламасы, оқытушылар, оқыту базалары, оқытудың жеке кестесін құру мүмкіндіктері туралы қажетті ақпаратты қайдан алуға болатындығы анықталды. Бұл оқытуды жекелеген тыңдаушылардың қажеттіліктері мен тілектеріне бейімдеу бөлігінде **2 стандартқа** сәйкестігін көрсетеді.

Ұйымның құжаттарында білім беру бағдарламалары бар, онда мақсат анықталған, практикалық және теориялық құрамдауыштардың кіріктірілуі, өзіндік жұмыстар ескерілген. Үлгілік талаптарға сәйкес екені анықталған.

«Фармакологиялық қадағалауды реттеу» тақырыбы бойынша семинарлардың ұсынылған құжаттарын талдау барысында сарапшылар сағат көлемі 3, және «Дәрілік препараттарды практикалық медицинада ұтымды қолдану» тақырыбы бойынша 42 сағат көлемінде оқытудың жоспар бойынша жүргізілетіні туралы дұрыс деректер алды, сабақты бастау алдында тыңдаушылар тесттерге жауап береді, оқытушыдан кері байланыс алады, фармакологиялық қадағалау, дәрілік заттарды практикалық медицинада ұтымды қолдану бойынша дағдыларын жетілдіруге мүмкіндіктері болады. Ұйым білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде этикалық аспектілердің сақталуын қамтамасыз етеді, себебі, сарапшылар 2016 жылғы 05 қыркүйектегі №145 этика кодексін қарастырған және сұхбат барысында тыңдаушылар осы құжаттың мазмұны туралы хабардар екендіктерін айтты.

Қазақстан Республикасы **Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Ғылыми білім беру орталығын институционалдық аккредиттеуден өту кезеңінде және ДСӘДМ 20.12.2020 ж. №303 бұйрығын орындау мақсатында сарапшылар практикалық сабаққа қатысқан жоқ.**

Білім беру қызметін талдау ғылымның тиісті пәндер бойынша ғылыми негізі мен барлық жетістіктері ескерілгенін, библиографияға толықтырулар енгізілгенін, ал оқытушылар оларды сабақтарда қолданатынын көрсетті.

Бақылау-өлшеу құралдарын (тест) зерттеу ұйымда тыңдаушылардың оқу жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін сәйкес бағалау саясаты енгізілгенін көрсетті.

Сұхбат барысында тыңдаушылар бағалау нысандары туралы, тестілеуді өткізу, цикл алдындағы және одан кейінгі кезеңде әңгімелесу туралы айтып, оқытуды бағалау нысандарының қанағаттанушылығын атап өтті. Сондай-ақ, оқытушылардан тұрақты кері байланыс алатыны туралы сөз болды. Осылайша, 3 стандартқа сәйкестік анықталды.

Ұйымға барған кезде және ғылыми - білім беру орталығының I санатты маманы Есболатова Д. Е. пікірлесу барысында комиссия барлық оқытушылар мен қызметкерлер үшін транспарентті және қолжетімді құжаттама жүйесі бар екеніне көз жеткізді және жыл сайынғы операциялық жоспарлар, жылдық

есептер, бөлімшелердің ережелері, оқытушылармен және тыңдаушылармен шарттар, және оқу-әдістемелік құжаттама (жұмыс бағдарламасы, оқу жұмыс жоспарлары, журналдар), бағалау құралдары (чек-парақтар, ведомостар), куәліктер, сертификаттар және куәліктер қамтылды. Веб-сайтқа жасалған шолуы оның беттерінде тыңдаушыларға қажетті құжаттар: дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы бойынша оқыту іс-шараларын өткізуге арналған шарт, оқуға өтінім, төлемге өтінім, білім беру процесін ұйымдастыру, білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдарының мониторингі, тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау, оқу жетістіктерін бағалау нәтижелері бойынша апелляция, тыңдаушылардың жетістіктері, семинар тыңдаушыларының құқықтары және міндеттері, ДЗ және МБ айналымы бойынша оқыту іс-шараларын өткізуге бағалар прејскуранты және алдағы семинарлар мен шеберлік сыныптары туралы ақпарат жарияланғанын, олардың тұрақты жаңартылып отыратынын көрсетті. Аталған мәліметтер Ғылыми-оқу орталығының I санатты маманы Д.Е. Есболатовамен әңгімелесу кезінде алынды.

Ғылыми-оқу орталығының I санатты маманы Д. Е. Есболатовамен әңгімелесу келесі сұрақтарды қамтыды: «Не себепті білім беру бағдарламаларында сағаттар көлемі аз? Болашақта біліктілікті арттырудың жаңа циклдерін іске асыру кезінде қанша сағат жоспарланады? Семинарларды өткізу барысындағы сағаттардың орташа көлемі?» және сарапшыларға оқыту үшін клиникалық базалардың қызметкерлерін қатыстыру тәсілдері туралы (барлығы осындай оқытушылар 17 адам), тыңдаушыларды қабылдау стратегиясы мен тактикасы, қосымша және бейресми білім берудің ақпараттық қамтамасыз етілуі туралы білуге, сондай-ақ адам ресурстарын басқару және дамыту жөніндегі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Ұйымның өз қызметінің түрі бойынша клиникалық базалары жоқ, осыған байланысты сыртқы сараптама тобының мүшелері ғылыми-зерттеу орталығының тыңдаушыларымен сабақтар өткізілетін зертханалары бар сынақ орталығына (ЗБСО) барды.

ЗБСО сапар барысында келесілер анықталды: ЗБСО негізгі міндеттері дәрілік заттардың (бұдан әрі – ДЗ) және медициналық бұйымдардың (бұдан әрі – МБ) қауіпсіздігі және сапа көрсеткіштерінің сәйкестігін растау мақсатында зертханалық сынақтар жүргізу болып табылады: мемлекеттік тіркеу процесінде ДЗ және МБ сараптамасы және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу, Қазақстан Республикасында тіркелген ДЗ сапасын бағалау кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді ескере отырып, нарықтан іріктелген өнімнің сапасын анықтау; күмән тәртібіндегі сынақтар және төрелік сынақтар; ЕАЭО шеңберіндегі сынақтар. ЗБСО сынақтардың келесі түрлері жүргізіледі: физика-химиялық (ДЗ және МБ); биологиялық (ДЗ, МБ, вакциналар, биологиялық препараттар), ЕАЭО (МБ) шеңберіндегі техникалық сынақтар. Барлық ЗБСО зертханалары «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС ISO/IEC 17025 – 2009 талаптарына сәйкестігіне аккредиттелген; ICL 2015 жылдан бастап GEON (General European OMCL Network) желісінің ассоциативті мүшесі болып табылады;

мәртебеге қолдау көрсетіледі және аккредиттеу саласы кеңейтіледі; ЛФИ Словакия Ұлттық аккредиттеу қызметімен (SNAS) **GLPOECD** талаптарына сәйкестігі аккредиттелген Биоэквиваленттік зерттеулер жүргізу бойынша ҚР жалғыз зертхана. Фармакологиялық сынақтар зертханасы: GLP OECD (дәрілік заттардың биоэквиваленттілігі, биожетімділігі және фармакокинетикасы) халықаралық талаптарына сәйкес фармакокинетикалық зерттеулерді тиісінше жүргізуге байланысты қызметтердің барлық спектрін көрсетеді. Зертханада зерттелетін препарат пен салыстыру препаратының еру профилдерінің эквиваленттілігін анықтау үшін ерітудің салыстырмалы кинетикасы тесті (ЕСКТ) да орындалады. Қосымша зертханада дәрілік препараттардың, субстанциялардың, медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі және фармакологиялық белсенділігі бойынша клиникаға дейінгі *invitro/invivo* зерттеулер жүргізіледі. 2018 жылдан бастап Алматы ӨФ фармакологиялық сынау зертханасы фармакокинетика саласында GLP халықаралық аккредиттеу мәртебесіне ие Қазақстандағы алғашқы және жалғыз зертхана болып табылады. Сарапшылар **6-стандарттың** орындалғаны туралы дәлелдер алды, сондай-ақ өзін-өзі бағалау туралы есептің мәліметтерін растады.

5, оның ішінде 5 штаттық оқытушымен сұхбат, нақты базаға байланысты білім беруді басқаруда жетістіктер де, мәселелер де бар екенін көрсетті (тыңдаушыларға құрылғыларға қол жетімділік беру, тақырыптық емделушілеодің жеткілікті саны, медициналық құжаттаманы жүргізу уақыты, өзіндік жұмыс). Сарапшылар оқытушылардың біліктілігін арттыру бағдарламасы, осы оқытуды қаржыландыру, оқытушыларда оқыту әдістері бойынша сертификаттаудың болуы туралы жауаптар алды. Сарапшылар тыңдаушыларды қабылдау және оқытушыларды іріктеу жөніндегі материалдарды зерделеп, **4 стандартқа сәйкестігін анықтады.**

Өзін-өзі бағалау бойынша есептің деректерін орындауды валидациялау және бағдарламалардың сапасы туралы дәлелдер алу мақсатында тыңдаушылармен сұхбат жүргізілді. Сарапшылар оқытуға қанағаттану, практикалық оқытуға уақыттың жеткіліктілігі, сондай-ақ оқыту әдістері мен оқытушылардың біліктілігіне қанағаттану туралы сұрақтар қойды. Сапар барысында сарапшылар тыңдаушыларды даярлау процесінің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерді, тыңдаушылар мен FOO қызметкерлері арасындағы сындарлы-тиімді қатынастарды игеруге мүмкіндік беретін жоғары деңгейде жабдықтау сияқты күшті жақтарын атап көрсетті, соның нәтижесінде сапалы оқыту жүзеге асырылады.

Тәжірибе мен бизнестің 5 жұмыс берушісімен сұхбат онлайн режимінде өткізілді және келесі мәселелерді қамтыды:

- Жұмыс берушілер FOO қызметкерлерімен қалай қарым-қатынас жасайды?
- Жұмыс берушілер ББ әзірлеуге қатыса ма?
- Тыңдаушыларды оқытқаннан кейін жұмыс берушілермен кері байланыс жүргізіле ме?

- Жұмыс берушілер оқудан кейін қызметкерлермен кері байланыс жасай ма?

Ресурстарға шолу олардың білім беру қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетіндігін көрсетті, сондықтан зертханалармен (ЗБСО) сынақ орталығына барды, ал білім беру ұйымының қызметкерлері тыңдаушылардың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу үшін мейірбике қызметкерлерімен, ЗБСО басшылығымен алқалы және этикалық қатынастарды қамтамасыз етеді.

Сапардың соңғы күні ССК мүшелерінің ұйымға сыртқы бағалау қорытындысы бойынша кеңесі өтті. Сыртқы бағалау қорытындылары, құжаттарды зерделеу, әңгімелесу, сұхбат, сауалнама нәтижелері бойынша қорытынды талқылау өткізілді. ССК мүшелері ССК қорытынды есебін жобалауға кірісті. Сыртқы бағалау нәтижелерін жалпылау. Сарапшылар «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК сапа бейіні және сыртқы бағалау критерийлері АЕО қосымша және бейресми білім беру ұйымдарын аккредиттеу стандарттарын» жеке толтырылды. ССК мүшелері қандай да ескертулер жасаған жоқ. Білім беру ұйымын жақсарту бойынша ұсыныстар талқыланды және төраға Г. Е. Джакова 5 жыл аккредиттеу кезеңі бойынша АЕО Аккредиттеу Кеңесіне арналған ұсыныстар бойынша қорытынды ашық дауысқа салу жүзеге асырылды.

ССК жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасалды, барлық қажетті ақпараттық және материалдық ресурстарға қолжетімділік ұйымдастырылды. Комиссия Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптаудың Ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК корпоративтік мәдениетінің жоғары деңгейін, ССК мүшелеріне ақпарат беруде ұжымның ашықтығының жоғары дәрежесін атап көрсетеді.

Сапар соңында білім беру ұйымының басшылығы мен қызметкерлеріне арнап ССК төрағасы институционалдық аккредиттеу жүргізу шеңберінде сыртқы бағалау қорытындылары бойынша ұсынымдар жариялады.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК (ДЗММБС ҰО) сапары және сыртқы бағалау шеңберінде ССК мүшелері білім беру ұйымы қызметінің негізгі көрсеткіштерін мұқият зерттеліп, бағалады.

Сыртқы сарапшылардың ДЗММБС ҰО бару кезінде, басшылықпен және қызметкерлермен кездесулер кезінде алған ақпаратына талдау жасалып, 40 астам құжат зерттелді, тыңдаушылар мен оқытушылардан сауалнама жүргізу, жұмыс берушілерден, тыңдаушылардан сұхбат алу кезінде және өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп деректерімен салыстырылды, бұл ДЗММБС ҰО берілген ақпаратының қосымша және бейресми білім беру ұйымдарының институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сенімділігі мен

валидациясына көз жеткізуге мүмкіндік берді. ДЗММБС ҰО өзін-өзі бағалау туралы есепте өзінің ең жақсы тәжірибесін сипаттағанына қарамастан, сапар барысында сыртқы сарапшылардан қосымша ақпарат пен құжаттар (стратегиялық жоспар, тыңдаушылармен шарттар, біліктілікті арттыру туралы куәлік беру журналы, мамандықтардың оқу-әдістемелік кешендері, тесттер, сауалнамалар, сауалнама нәтижелері, ведомостар, хаттамалар) сұралды дидактикалық материалдар, тақырыптық презентациялар, сертификаттар және т.б.), бұл ДЗММБС ҰО қосымша және бейресми білім беру ұйымдарының институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді.

Сапардың соңғы күні ССК мүшелері аккредиттелетін білім беру ұйымының АЕО әзірлеген қосымша және бейресми білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне бағалау жүзеге асырылды. Жоғарыда аталған құжатты ССК әрбір мүшесі жеке толтырды. Барлық стандарттар орындалды. ССК мүшелері қандай да ескертулер жасаған жоқ.

Осылайша, институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті талдау және ССК сараптамалық бағалау ДЗММБС ҰО білім беру қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі туралы дәлелді дәлелдер алуға және жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Аккредиттеу рәсімі сыртқы сараптау комиссиясы туралы ережеге, АЕО медициналық білім беру ұйымының сыртқы бағалау жөніндегі басшылығына сәйкес толық көлемде жүргізілді.

4. Сауалнама нәтижелері.

АЕО бақылаушысы 2021 жылғы 19-20 қазан аралығында <https://webanketa.com/> ресурсында онлайн сауалнама жүргізді .

Тыңдаушылардың сауалнамасында 22 сұрақ қамтылады.

Сауалнамаға барлығы 15 адам қатысты (ағымдағы жылға барлығы 15 тыңдаушы). Мамандық бойынша жұмыс өтілі – 5 жылға дейін -26,7%, 10 жылдан артық – 33,3%.

Сауалнама нәтижесінде респонденттердің 80% білім беру орталығының оқу бөлмелері мен аудиторияларының жағдайлары мен жабдықталуына қанағаттанатынын, 66,7% тыңдаушылардың демалуы мен тамақтануы үшін жағдайдың бар екендігін, кеңсе техникасының қолжетімділігін, электрондық ресурстарға қолжетімділікті, оқытудың белсенді және интерактивті әдістері қолданылатынын көрсеткен.

Орталықтың кітапхана қорына 60% қанағаттанған, 6,7% қанағаттанбаған.

Респонденттердің 80% аталған ұйымда сабақтарды әдістемелік және дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету және ұйымда оқытуға қанағаттанатынын атап өтті.

Сауалнамаға қатысқандардың 86,7% ғылыми -оқу орталығында қажетті арнайы білім алу және оларды жұмыста қолдану туралы айтқан.

93,3% оқыту әдістеріне қанағаттанған. Оқу сабақтарының кестесіне 73,3% толық қанағаттанатын болса, респонденттердің 26,7% сабақ кестесімен ішінара келіспейді. Білімді бағалау әдістерімен 73,3% толық келіскен, 26,7% жауап бермеген.

Осылайша, жүргізілген сауалнама нәтижелерінің негізінде келесі қорытындылар жасауға болады: ең жоғары мөлшері 93,3% оқыту әдістеріне қанағаттанған және 86,7% ДЗММБС ҰО ғылыми-оқу орталығында қажетті арнайы білім алғанын атап өтті.

Оқытушылар арасында жүргізілген сауалнама 21 сұрақтан құралды. Барлығы 12 адам жауап берді (штатта барлығы - 17), бұл жағдайда педагогикалық өтілі 5 жылға дейін – 33,3%, 10 жылға дейін-0%, 10 жылдан артық - 66,7%.

Сауалнама нәтижесінде респонденттердің 83,3% білім беру үдерісін ұйымдастыруға қанағаттанатыны, 100% әріптестер, оқытушылар, басшылық арасындағы қарым-қатынаста этика мен субординация сақталады деп есептейтіні анықталды. Респонденттердің 83,3% осы білім беру ұйымында еңбек және жұмыс орнын ұйымдастыру деңгейіне көңілі толады. Респонденттердің 91,7% оқытушының мансап жолында өсуіне және құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік бар екенін атап өтті. Респонденттердің тек 66,7% жалақы мен HR қызметінің жұмыстарына көңілдері толады. 1 жылдан аз уақыт бұрын кәсіптік біліктілікті арттыру курстарында (бағдарламаларында) 33,3%, осы жыл ішінде - 50%, 3 жылдан астам уақыт бұрын респонденттердің 16,7% оқыды. Респонденттердің 83,3% - ұжымда микроклиматты ұйымдастырады. Респонденттердің 91,7% мамандық бойынша кәсіби маман ретінде іске асыруға мүмкіндігі бар екенін айтқан. Респонденттердің 50% - ы оқу бағдарламаларына түсу кезінде тыңдаушылардың алдыңғы даярлық деңгейіне қанағаттанған. Респонденттердің 66,7% білім беру ұйымдарында оқытушыларды әлеуметтік қолдау бағдарламалары іске асырылып жатқанын атап өтті.

Осылайша, жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде келесідей қорытынды жасауға болады: ПОҚ ең жоғары мөлшері 100% - әріптестер, оқытушылар, басшылық арасындағы қарым-қатынаста этика мен субординацияның сақталатынын атап өтеді және респонденттердің 91,7% - оқытушының мансап жолындағы өсуі мен құзыреттілігін дамыту үшін мүмкіндік бар екенін, ДЗММБС ҰО ғылыми-оқу орталығында ғылыми білім беруде мамандық бойынша кәсіби маман ретінде іске асыруға мүмкіндігі бар екенін атап көрсетті.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК сыртқы бағалау қорытындылары бойынша институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау

1-стандарт: МИССИЯ ЖӘНЕ СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Сәйкестіктің дәлелі:

1.1 Миссия

Әзірленген және бекітілген миссия, болжам, мақсаттар мен стратегиялық бағыттар ұйым жарғысына сәйкес келеді және қызметтің негізгі бағыттарын анықтайды. ДЗММБС ҰО ерекшелігі - маңызды монополиялық және технологиялық байланысты қызмет түрлерін орындау. Саясатты (миссия саясатта келтірілген) кәсіпорын қызметкерлеріне жеткізу және оны түсіндіру жүзеге асырылады:

- 1) СМ бойынша оқыту барысында;
- 2) еңбек шарттарын ресімдеу кезінде;
- 3) көрнекі үгіттеу әдісімен.

Кәсіпорынның стратегиялық жоспары-бұл жоғары деңгейдегі кәсіпорынның ұзақ мерзімді стратегиялық құжаты. Оны жүзеге асыру төменгі деңгейдегі үш жылдық құжат – қысқа мерзімді және жаңа жедел міндеттерді іске асыруға қарай жылжымалы негізде өзектендірілетін кәсіпорынның операциялық жоспары арқылы жүзеге асырылады.

Тұрақты ұйымдастырушылық, функционалдық және штаттық құрылым жұмыс жасайды. Ұйымның білікті персоналының қызметі реттелді

Бейресми оқыту бағдарламаларының оң уәдемесі мен тартымдылығын қалыптастыру мақсатында мыналар қолданылады: 1) алғашқы дерек көзінен ақпарат алу; 2) біліктілігі жоғары кадрлардың болуы, 3) инновациялық технологияларды және оқытудың белсенді әдістерін қолдану.

1.2 Кәсібилік және кәсіби автономия

Кәсіпорын кәсібилікті Денсаулық сақтау жүйесінің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-қолданбалы зерттеулерді тиімді оқыту, ұйымдастыру және жүргізу қабілеті ретінде қарастырады. Кәсіпорын бағдарламалары білімді өз бетінше игеру, дағдыларды қалыптастыру және дағдыларды дамыту стратегиялары мен тактикаларын оқытуға, яғни ақпаратты игеру бойынша тыңдаушылардың оқу автономиясын дамытуға мүмкіндік жасауға бағытталған.

1.3 Оқытудың соңғы нәтижелері

Оқытудың соңғы нәтижелерін бағалауды оқытушылар семинар немесе семинарлар циклі аяқталғаннан кейін жүргізеді. Тыңдаушыларды оқыту нәтижелері туралы хабардар ету сайт, электрондық пошта, ресми хат алмасу арқылы жүзеге асырылады:

1.4 Миссияны және оқытудың соңғы нәтижелерін қалыптастыруға қатысу

Басшылық бұл процеске қауымдастықтарды белсенді түрде тартады, себебі отандық фармацевтикалық өнеркәсіпті одан әрі дамыту үшін еліміздің жоғары оқу орындарында мамандар даярлау ғана емес, сонымен қатар қызмет түрі бойынша біліктілікті арттыру арқылы олардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету қажет. Негізгі мүдделі тараптардан басқа (мемлекеттік органдар, бизнес өкілдері, қоғамдық бірлестіктер, өндірушілер және т. б.) FOO

миссияны анықтау және оқытудың соңғы нәтижелерін әзірлеу кезінде халықаралық ұйыммен – U.S. Pharmacopeial Convention, программа Promoting the Quality of Medicines Plus (PQM+) Program (Программа «Дәрілер сапасын қолдау плюс» (PQM +)) жұмыс тобымен кеңеседі.

ССК критерийлері бойынша қорытындылары. 10 стандарттан сәйкес: толық-10, біршама -0, ішінара -0, сәйкес келмейді-0.

1-Стандарт: аталған стандарттың орындалуы АЕО институционалдық аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту бойынша ұсыныстар: анықталмаған.

2-стандарт: БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Сәйкестіктің дәлелі:

2.1 Қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларының моделі

Мақсаттар, міндеттер, құзыреттер, оқыту нәтижелері, ББ бағалау әдістері ҮОБ талаптарына сәйкес келеді. Білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үздіксіз кәсіби даму бойынша ҚР НҚА сәйкес жүргізіледі. Қосымша бағдарламаларға теориялық білім, практикалық дағдыларды игеру және өзін-өзі оқыту әдістері кіреді. Білім беру бағдарламасында оқыту мен оқытудың әртүрлі әдістері қолданылады.

Ұлттық және халықаралық стандарттарға бағдарланған сапалы оқыту қызметтерін ұсыну мақсатында мамандарды даярлау бейресми оқыту бағдарламаларының тізімі бойынша жүзеге асырылады. ҒОО кіріктірілген оқытудың негізгі ұстанымдарын қолданады, іргелі және клиникалық ғылымдар арасындағы байланысты қамтамасыз етуге арналған, бұл тыңдаушылардың белгілі бір мәселені, мәселені шешуге алған білімдерін қолдану объективі арқылы зерттелетін тақырыптарға деген ынтасы мен қызығушылығын қалыптастыру үшін өте маңызды. 2020 жылы денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – мемлекеттік бағдарлама) қабылданды. Мемлекеттік бағдарламада халықтың салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру, қоғамдық денсаулық қызметін дамыту, медициналық көмектің сапасын арттыру, денсаулық сақтау жүйесін тұрақты дамыту бойынша міндеттер белгіленген. Кәсіпорын сапа, қауіпсіздік және тиімділік мәселелері бойынша денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру саласында екіжақты байланыстар орнату және дамыту, сондай-ақ дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы тіркеу, мамандарды оқыту, нормативтік құқықтық актілерді үйлестіру мақсатында қоғамдық және халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтасады.

2.2 Ғылыми әдіс

ҒОО бейресми оқыту шеңберіндегі ББ ерекшелігі ҚР және ЕАЭО аумағында ДЗ және МБ айналымы саласындағы негізгі мәселелерді қамтиды. Оқытушылар ББ және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу кезінде оларға ғылым жетістіктері, тақырып бойынша ғылыми тұжырымдамалар ескеріледі.

